

Алматы облысының Сарқан, Ақсу және Алакөл аудандары аумақтарын өзгерту туралы

Алматы облысының мәслихатының 1998 жылғы 14 мамырдағы N 5-169 және Алматы облысы әкімінің 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 20-156 бірлескен шешімі. Алматы облысының Әділет басқармасында 1998 жылы 13 шілдеде N 15 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңындағы 40-баптың 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Сарқан ауданы әкімінің Ақсу мен Алакөл аудандары жерлерінің бөлігін Сарқан ауданына беру туралы өтініш хатына сай Алматы облысының әкімі мен Алматы облыстық мәслихат

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жалпы көлемі 1423764,0 га шекараларындағы жер учаскелері, соның ішінде Ақсу ауданының жерінен 97510,0 га Алакөл ауданының жерінен 1326254 га жер қоса берілген жоспарлы материалға сай Сарқан ауданына өткізіліп берілсін.

2. Сарқан, Ақсу және Алакөл аудандарының әкімдері тиісті жер пайдаланушылардың жерді есепке алу мәліметтеріне өзгертулер енгізсін.

Алматы облысы әкімі

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы

сессиясының төрағасы